



Каспі-дің Бизнес Кредиттерін түрлендіру бағдарламасы

I. Жалпы ережелер

Каспі Кредиттерін түрлендіру бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) www.kaspi.kz мекенжайы бойынша интернет желісінде орналастырылған қосылу шарты болып табылатын Серіктестерге қызмет көрсету шартының (бұдан әрі – Серіктестерге ҚКШ) 7.1-қосымшасының аясында жасалған Кредит желісін беру туралы келісім (бұдан әрі – Келісім) бойынша Каспі берген кәсіпкерлік мақсаттағы банктік қарыздары бар, есептелген сыйақы (Артық төлем) және (немесе) негізі борыш бойынша күнтізбелік отыз күннен аспайтын мерзімі өткізілген берешегі (бұдан әрі – Кредиттер) бар Серіктестер үшін Банктер туралы заңның¹ 36-бабының талаптарына сәйкес әзірленді. Егер мәтінде өзгеше тікелей көрсетілмесе, Бағдарламаның мақсаты үшін Келісім мен Серіктестерге ҚКШ-да жазылған терминдер, анықтамалар мен қысқарған сөздер пайдаланылады.

II. Бағдарламаны ұсыну ережесі

1. Кредиттерді түрлендіру рәсімі Серіктесте Каспі-мен жасалған Келісім аясында туындаған берешекті өтеу бойынша барлық міндеттемелерді өз бетінше және белгіленген мерзімде орындауға мүмкіндік беру мақсатында қолданылады.
2. Кредиттерді түрлендіру Кредит(-тер) және (немесе) Келісім бойынша талаптарды өзгерту, оның ішінде Келісім бойынша мерзімі өткізілген және (немесе) мерзімі өткізілмеген берешекті толық мерзімінен бұрын өтеу үшін бар берешекті немесе оның бір бөлігін біріктіру және (немесе) берешекті өтеу үшін жаңа төлемдер кестесін ұсынып, жаңа банк қарызын (бұдан әрі – Жаңа кредит) беру арқылы оны Каспі-дің ішкі транзиттік шотында көрсету арқылы жүзеге асырылады.
3. Кредиті бар Серіктес Каспі-ге түрлендіру рәсімін жүргізу үшін өтініш білдірген жағдайда, Каспі күнтізбелік 15 күннің ішінде өтінішті қарастырады. Оң шешім қабылдаған жағдайда, Каспі Серіктестеке ұсынылатын Жаңа кредиттің талаптарын жібереді. Каспі Серіктестен өтініш алмастан, оған Жаңа кредиттің талаптарын ұсынуға құқылы.
4. Каспі Жаңа кредиттің талаптарын Мобильді қосымша арқылы, Серіктестің Мобильді нөміріне жіберілетін SMS-хабарлама арқылы жібереді және (немесе) Каспі ұсынған және Серіктестеке хабарланған өзге тәсілмен хабарлайды.
5. Кредиттерді түрлендіру рәсімі Серіктестің Жаңа кредит алуымен келісімін (бұдан әрі – Серіктестің келісімі) алған жағдайда жүзеге асырылады.
6. Серіктестің келісімі Серіктестің Мобильді нөміріне алынған SMS-хабарламаға Серіктестің жауап (оны Каспі бас тарту ретінде анықтамайды) жіберуі және (немесе) Каспі Рау мобильді қосымшасында Серіктестің Жаңа кредит алуымен келісімін растайтын әрекеттерді жүзеге асыруы арқылы немесе Каспі ұсынған және Серіктестің назарына жеткізілген өзге де тәсілдермен көрсетілуі мүмкін.
7. Жүргізілген өзгерістерді, оның ішінде жаңа қарыз беру және (немесе) Жаңа кредит талаптарын ұсыну (Каспі-дің транзиттік ішкі шотына Жаңа кредит беру) және (немесе) ақшаны Келісім бойынша Кредиттер бойынша берешекті өтеуге жіберу фактісін растайтын бухгалтерлік жазбаларды Каспі-дің балансында орындаған сәт (Каспі-дің транзиттік ішкі шоттарын пайдалануға жол беріледі) Кредиттерді түрлендіру рәсімінің басталғаны (Жаңа кредит беру) болып саналады.
8. Серіктес Жаңа кредит бойынша берешекті Каспі Рау мобильді қосымшасында қолжетімді Дербес талаптарға, Келісімге және Серіктестерге ҚКШ-ға сәйкес өтейді.
9. Серіктес Жаңа кредитті комиссиясыз және айыппұлсыз кез келген уақытта мерзімінен бұрын (толық немесе ішінара) өтеуге құқылы.

III. Қорытынды ережелер

10. Серіктестің Жаңа кредиттің талаптарымен келіскені оның Бағдарламамен келіскенін білдіреді және бұл Бағдарламада көзделген Келісім мен Серіктестерге ҚКШ-ның өзгеруіне әкеп соқтырады. Келісім беру арқылы Серіктес Бағдарламамен танысқанын, Келісім мен Серіктестерге ҚКШ Бағдарламаның ережелері ескеріліп, өзгертілетінін және қолданылатынын растайды, бұл ретте Бағдарлама олардың ажырамас бөлігіне айналады.
11. Бағдарламада реттелмеген бөлігінде Серіктес пен Каспі-дің арасындағы қатынастар Келісім мен Серіктестерге ҚКШ-да реттеледі.
12. Банктің қалауы бойынша осы Бағдарлама:
 - 1) Келісім мен Серіктестерге ҚКШ-ның аясында Каспі берген, есептелген сыйақы (Артық төлем) және (немесе) негізі борыш бойынша мерзімі өткізілген берешегі жоқ банк қарыздарына;
 - 2) Келісім мен Серіктестерге ҚКШ-ның аясында Каспі берген, есептелген сыйақы (Артық төлем) және (немесе) негізі борыш бойынша күнтізбелік отыз күннен асатын, бірақ күнтізбелік тоқсан күннен аспайтын мерзімі өткізілген берешегі бар банк қарыздарына қолданылады.
13. Келісім мен Серіктестерге ҚКШ қолданысы Жаңа кредит бойынша берешек толық өтелген сәттен бастап тоқтатылады.

¹ Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» 1995 жылғы 31 тамыздағы №2444 Заңы